

Ж.М. Арынов* , С.Б. Әлібеков 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. Қазақстан, Алматы қ.

*e-mail: arynov2050@gmail.com

АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ИДЕЯСЫ

Алаш қозғалысы – ХХ ғасыр басындағы қазақ халқының өмірінде ерекше маңызға ие болған бірегей тарих кезеңі. Алаш қозғалысының тарихы бүгінгі ұрпақ, яғни біздер үшін соншалықты өзекті, үлкен сұранысқа ие болуы алдымен оның өкілдері болған арыстарымыздың өмірі мен қоғамдық-саяси қызметіндегі өз ұлтына деген кіршіксіз махаббат, Отанға деген адалдықпен тығыз байланысты. Алаш қайраткерлері сол заманның алдыңғы қатарлы оқымыстылары сияқты білім алып, аймақтық таңдаулы жоғары оқу орындарында білімдерін шыңдады, зиялы тұлға болып қалыптасты. Қазақ халқы ғана емес, патшалық Ресей империясына тәуелді болған елдер үшін де түсініксіз, шиеленісті ХХ ғасыр басындағы саяси оқиғалар барысында, елді дүрліктірген қос төңкеріс жылдарында өз ұлтына тиімді болмақ бағытты дәл анықтап, ұлтты соңынан ерте білген де Алаш қайраткерлері болды.

Алаш арыстарының қызметі тек саясат қана емес, патшалық Ресей құрамындағы қазақ халқының ауыр өмірі, әлеуметтік қиындықтарын шешу ісінде де ұйысып, басымдылыққа ие болған жұмыс бағыттары болды. Атап айтқанда қазақ халқының өмірін жақсартуды талап еткен, салықтың мөлшері мен түрлеріне қатысты, патшаның жүргізіп отырған аграрлық саясатын әшкерелейтін петиция жазып, мәселені ашық көрсетті.

Түйін сөздер: Алаш, «ұлтшыл», «алашордашыл», «халық жаулары», «Айқап» «Қазақ» монархия, қазан, ақпан, революция, большевиктер, әскери террор, интеллигенция, коммунист, әдістемесі.

Zh.M. Arynov, S.B. Alibekov

Al-Farabi Kazakh national University. Kazakhstan, Almaty

*e-mail: arynov2050@gmail.com

The national idea of the Alash movement

The Alash movement is a unique page of history that acquired special significance in the life of the Kazakh people at the beginning of the twentieth century. The history of the Alash movement is so relevant for today's generation that its relevance is inextricably linked with the selfless love for their nation, devotion to the Motherland, in the life and socio-political activities of our Arys, who were its representatives. The leaders of Alash, as well as the leading scientists of that time, were educated in regional elite universities, became intelligent personalities. Not only the Kazakh people, but also the countries that became dependent on the tsarist Russian Empire, were Alash figures who, during the political events of the early twentieth century, during the two revolutions that swept the country, accurately determined the direction that was beneficial for their nation.

The activity of the Alash-Ars was not only a policy, but also a direction of work organized and aimed at solving social problems, the life of the Kazakh people as part of tsarist Russia. In particular, with regard to the size and types of taxes that require improving the lives of the Kazakh people, he writes a petition exposing the agrarian policy pursued by the tsar, and openly highlights the problem.

Key words: Alash, "nationalist", "Alashorda", "enemy of the people", "Aikap", "Kazakh" monarchy, October, February, revolution, Bolsheviks, military terror, intelligentsia, communist, methodology.

Ж.М. Арынов*, С.Б. Алибеков

Казахский национальный университет им. аль-Фараби. Казахстан, г. Алматы

*e-mail: arynov2050@gmail.com

Национальная идея движения Алаш

Движение Алаш – это уникальные страницы истории, которые приобрели особое значение в жизни казахского народа в начале ХХ века. История движения Алаш настолько актуальна для сегодняшнего поколения, что его востребованность неразрывно связана с беззаветной любовью к своей нации, преданностью Родине, в жизни и общественно-политической деятельности наших арысцев, которые были его представителями. Деятели Алаша, как и ведущие ученые того времени,

получили образование в региональных элитных вузах, стали интеллигентными личностями. Не только казахский народ, но и страны, ставшие зависимыми от царской Российской империи, были деятелями Алаша, которые в ходе политических событий начала XX века, в годы двух революций, охвативших страну, точно определяли направление, которое было выгодным для своей нации.

Деятельность Алаш – арсов была не только политикой, но и направлением работы, организованным и направленным в деле решения социальных проблем, жизни казахского народа в составе царской России. В частности, в отношении размеров и видов налогов, требующих улучшения жизни казахского народа, пишет петицию, разоблачающую проводимую царем аграрную политику, и открыто освещает проблему.

Ключевые слова: Алаш, «националист», «алашординец», «враг народа», «Айкап», «Казахская» монархия, октябрь, февраль, революция, большевики, военный террор, интеллигенция, коммунист, методология.

Кіріспе

Бұл мақалада Алаш арыстарының қызметі тек саясат қана емес, патшалық Ресей құрамындағы қазақ халқының ауыр өмірі, әлеуметтік қиындықтарын шешу ісінде де ұйысып, басымдылыққа ие болған жұмыс бағыттары болды. Атап айтқанда қазақ халқының өмірін жақсартуды талап еткен, салықтың мөлшері мен түрлеріне қатысты, патшаның жүргізіп отырған аграрлық саясатын әшкерелейтін петиция жазып, мәселені ашық көрсетті. «Қазақ халқының өмір сүруінің өзі проблемаға» айналды деп тұжырымдаған олар әрдайым қазақ мүддесіне сай келетін бағытты таңдап, ұлтына дұрыс жолды нұсқай алған.

Оған дәлел күштің тең емес екендігін алға тартып, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің тұтануына жол бермеуге шақырды. Ал көтеріліс күшпен жанышталған соң да көтерілістің салдарымен белсенді күресті. Айтып отырғанымыз негізінен екі революциялық төңкерістерге қатысты. Олардың алғашқысы – Ресейде монархиялық құрылысты құлатқан 1917 жылғы Ақпан төңкерісі, ал екіншісі – соны жалғастырған 25-қазанда орын алған Қазан төңкерісі болып табылады. Бұл революциялық өзгерістер кеңестік замандағы тарих ғылымында тек жағымды тұрғыдан сипатталып, оларға прогрессивті өзгерістер ретінде біржақты баға берілгені белгілі.

Материалдар мен әдістер

Алаш қозғалысы – ол қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысы болатын. Яғни, кемел ақыл-ой тұрғысынан Алаш тақырыбы даулы тақырыпқа айналуға тиіс емес-тін. Өйткені:

1-шіден, өз бағдарламаларына сәйкес алаштықтар поляктар немесе финдер сияқты Ресейден бөлініп, дербес мемлекет құратынын мәлімдеген

жоқ. Ресей Федерациялық құрылымға өтсе, оның құрамында автономия түрінде қалуды жобалады.

2-шіден, алаштықтар қоғамдық дамуда еуропалық жолды, яғни демократиялық және рыноктық құндылықтарды ұстанатындықтарын өз бағдарламаларында ашық жария етті.

3-шіден, Ә.Бөкейхановпен оның серіктері өздерін ұлы орыс мәдениетіне жақын тұрғандықтарын, тіптен осы жолда өздерін шәкірт санайтындықтарын ылғи да ескертіп отырды. Шындығына келсек, бұл екі төңкерісті тарихи үдерістер жалғасы ретінде бір жақты қарастыруға болмайды. Қазақтың ұлттық интеллигенциясының көзімен қарағанда алғашқы 1917 жылы 25 ақпанда орын алған Ақпан төңкерісі шынында да жағымды тұрғыдан бағаланады. Өйткені, бұл тарихи бет бұрыста ғасырлар бойы Ресей тағын иемденген Романовтар династиясы тақтан құлатылды. Бұл Қазақстан тәрізді ұлттық аймақтардың жаңа кезеңге демократиялық тәуелсіздік кезеңіне аяқ басуына жол ашқандай болды.

Нәтижелер мен талдаулар

Ұлт зиялыларының Алаш атауын таңдауында да үлкен мән бар. Алаш-қазақ тарихындағы ең қасиетті ұғым. Ежелгі түрік сөзі-бауырластар, қандастар деген мағына беретін ұғым. Алаш идеясында бауыр және туыс болайық дей отырып, қазақ халқының бірлігі мен тұтастығын меңзейді. Академик К.Нұрпейіс «Алаш һәм алашорда» атты еңбегінде «Алаш ұғымы туралы: «Алаш» немесе «Алашорда қозғалысы» бірнеше құрамдас бөліктерден тұратын күрделі ұғым, олар біріншіден, саяси партия ретіндегі Алаш, екіншіден, мемлекеттік құрылым түріндегі Алаш автономиясы, үшіншіден, осы автономияны басқаруға тиісті болған Алаштың ордасы туралы мәселелер. Басқа сөзбен айтқанда, осы

үш мәселе жиынтығы Алаш немесе Алашорда қозғалысы деген ұғымды білдіреді» – деген еді.

Алайда, Алаш қозғалысы деп аталатын тарихи қозғалысқа қатысқан қазақтың ұлттық интеллигенциясы Ресейде болған қазан, ақпан төңкерісінен кейін Қазақстанның болашағына байланысты жаңа жоспарлар құрды. Ол қазақ халқын жаңа демократиялық саяси өзгерістердің негізі болады деп үміттенген Бүкілресейлік құрылтай жиналысына қатысуға дайындауы тиіс болды. Алайда жағдай күрт өзгерді. Большевиктер қазан айында осы Бүкілресейлік құрылтай жиналысын қуып таратып, әскери террор арқылы билікті басып алды. Мұның өзі қазақ халқының арасында түсінбеушілік туғызды. Қазақстан тарихнамасында 1917 жылғы Қазан төңкерісі және оның қазақ еліндегі салдарлары біршама жазылды. Бұл туралы кезінде арнайы тарихнамалық еңбектер де жарық көрді (Зевелев А.И. 1966 -102-165)

Бұл еңбектер мәселенің тарихнамасын жасау бағытындағы алғашқы қадамдар және осыған байланысты еңбектерді анықтауда, сондай-ақ талдауда алғашқы бағыттар болып табылады. Алайда біржақты таптық және ашықтан-ашық коммунистік методология, Коммунистік партияның тарих ғылымына белсенді үстемдігі Қазан төңкерісінің Қазақстан мен Түркістандағы салдарларын шынайы және жан-жақты талдауға мүмкіндік бере қоймады. Біздің бұл ойымыздың шынайылығын Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін пікір еркіндігін пайдаланып жазыла бастаған еңбектердің тарихнамалық талдаулары да аңғартады (Нұрпейісов К. 1995).

Соңғы жылдары тәуелсіздік тұсында айтылып жүрген салиқалы пікірлер негізінен кезінде «ұлтшыл», «алашордашыл» және «халық жаулары» атанған қазақ ұлттық интеллигенциясының XX ғасырдың алғашқы онжылдықтарындағы тұжырымдарына табан тірейді және соларды талдауға құрылған. Тарихнамамыздағы айтылмыш мәселелер зерттеулер сан-түрлі тұжырымдар мен ізденістер бағыттарын камтиды. Олардың ауқымдылығын ескере отырып, төмендегідей өзекті мәселелерді ғана тандап алдық:

1917 жылғы Ақпан және Қазан төңкерістерін қазақ зиялылары қалай қабылдады?

- Қазан төңкерісінен кейінгі қазақ даласындағы саяси-әлеуметтік ахуалға ұлттық интеллигенцияның көзқарасы.

Бұл мәселелерді талдауда бәрінен бұрын қазақтың кейінірек ресми жүйе қуғындаған зиялыларының рухани көсемі болған Ахмет Байтұрсынұвтың пікірлері назар аудартады.

Ол өзінің орыс тілінде «Жизнь национальностей» журналында 1919 жылы жарық көрген әйгілі «Революция и киргизы» атты мақаласында былай деп жазған еді: «Насколько понятна была киргизам февральская революция, настолько непонятной показалась им октябрьская (социальная революция).

С какой радостью встретили они первую революцию, с такими же ужасом пришлось им встретит вторую. Такое отношение киргизов к той и другой рволюции весьма естественно и понятно тем, кто знаком с киргизским народом».

Өзінің большевиктік түсінікке ешбір сәйкес келмейтін осындай ерекше көзқарасын А.Байтұрсынұв мұнан ары нақты және қарапайым түсіндіріп те берді. Мәселенің себебі туралы ол былай деп жазды: «первая революция понятно и с радостью встречена киргизами потому что, во-первых, она освободила их от гнета и насилий царского правительства и во-вторых, подкрепила у них надежду осуществить, свою заветную мечту – управляться самостоятельно. Та, что вторая революция показалась киргизам непонятной. Объясняется просто: у киргиз нет ни капитализма на классовой дифференциями; даже собственность у них не так резко разграничена, как у других народов: многие предметынетребления считаются у них общественным достоянием» (Байтұрсунов А. 1919, 3).

Қазақ зиялыларының арманы замана ағымын жіті бағдарлап, оянған сананың іс-қимылын жөнге салып отырар орталыққа айланар басылым шығару болатын. Осы мақсатты жүзеге асырған ұлт көсемі – А.Байтұрсынұлы. Өз керегін «Қазақтан» тапқан қалың жұрттың еңсесі соған қарай бұрылды.

Бұған газеттің өз кезіндегі таралымының 8 мыңға жетуі басты дәлел. Әрине, «Қазаққа» дейінгі басылымдар қызметін, әсіресе, «Айқап» журналының елге сіңірген еңбегін жоққа шығаруға болмайды. Дегенмен де, нағыз қазақ баспасөзінің ұлттық бет-бедері «Қазақ» газетінен басталады десек артық айтқандық емес. Мұның өзіндік себептері бар.

1-шіден, қазақ тілінде шыққан, қазақ әдеби тілінің қалыптасуына ұланғайыр үлес қосқан – «Қазақ».

2-шіден, бас жазушысының ұстанымына сай ұлт тәуелсіздігінің саяси платформасын қалыптастырған – «Қазақ».

3-шіден, қазақ руханиятының жан-жақты өркен жаюының кең көлемдегі кешенді бағдарын болашаққа аманат еткен – «Қазақ». Осы үш таған бірлік «Қазақ» газетінің ұлттық

болмыс-бітімінің және оның бас редакторы Ахмет Байтұрсынұлының ұлтын сүйген азаматтығының нақты көрінісі болып табылады. Ендеше А. Байтұрсынұлының ақ жол тілеп ашқан «Қазақ» газеті қазақ баспасөзінің мәңгілік көшбасшысы болып қала бермек. Әрбір, авторлардың мұндай көзқарасымен дауласуға да болады. Алайда айтылған тұжырымда шындық бар екені даусыз. Жалпы алғанда 1917 жылғы Ақпан төңкерісін асыра бағалауда шынында да сақтанғанымыз жөн. Дегенмен де осы Ақпан төңкерісі “Қазақ ұлтының қалыптасу процесінің аяқталуына жол ашатын тарихи кезеңді бастап берген оқиға-тын” (Қойгелдиев М.Қ. 2000. – 26).

Мұндай жаңа кезеңге апаратын мүмкіндіктердің туғанын жоғарыда атап көрсеткеніміздей, М. Шоқай да мойындап алайда оны: қазақ интеллигенциясының пайдалана алмағаны және оның себептерін де делелді көрсеткен еді. Бүгінде орыс тарихшылары 1917 жылғы Ақпан төңкерісін жүзеге асырған орыс демократиялық интеллигенциясының қателіктерін ашықтан-ашық айтып отыр.

Олардың ең бастысы Уақытша үкіметтің – большевиктер партиясының астыртын жұмыстан ашық жұмысқа көшуіне рұқсат берулері еді. Бұл кезде большевиктер партиясының қатарында бар болғаны 24 мыңға жетер-жетпес адам ғана мүше еді. Сондықтан олар меньшевиктермен және эсерлермен бірігуге ұмтылды.

Алайда, мұндай көзқарасқа большевиктер партиясының лидері В.И. Лениннің Петроградқа қайтып оралуы нүкте қойды. Сәуір айында өзінің атақты «Апрель тезистері» деп аталатын сөзінде В.И. Ленин жаңа программа ұсынды. Ондағы ең басты ұстаным – социалистік революцияны жүзеге асыру туралы ұсыныс болды.

24-29 сәуірде өткен большевиктердің конференциясында Н.И. Бухарин, Г.Е. Зиновьев, Л.В. Каменев және т.б. Лениннің «Апрель тезистерін» сынға алып, Ресей тәрізді ұсақ буржуазиялық елде социалистік революция жасауға объективті жағдайлар жоқ екенін дәлелдемек болды. Олардың ойынша, мұндай қозғалысты халық бұқарасы қолдамайтын еді. Меньшевиктердің лидері Г.В. Плеханов Ресейде буржуазиялық-демократиялық революциядан басқа қосымша революцияның орын алуы мүмкін емес екенін атап көрсетті.

Сондықтан да ол В.И. Лениннің социалистік революция жасау туралы тезисін «Безумная и крайне вредная попытка посеять анархическую смуту на Русский земле» деп сипаттады. Алайда

Ленин большевиктерді социалистік революция жасауға көндірді.

Бірақ большевиктер басым дауыспен оның кеңестер республикасын құру туралы идеясын қабылдамай тастады. Апрель конференциясына келген большевик делегаттардың көпшілігі Кеңестерді революциялық күштердің орталығы болып табылатын уақытша органы ретінде ғана қарастырды. Алайда 1917 жылғы маусым айында Кеңестердің Бүкілресейлік I съезінде большевиктер өздерінің мемлекеттік билікті басып алуға дайын екендіктерін мәлімдеді.

Бұл кезде большевиктер партиясының саны 240 мың адамға жеткен еді. Ресейдің большевик емес партияларының үлкен қателігі Бүкілресейлік құрылтай жиналысында азшылық болып саналатын большевиктердің залды тастап кетіп, соңынан 13-қаңтарда өздерінің III Бүкілресейлік советтер съезін шақыруына мүмкіншілік берулері еді.

Шын мәнінде құрылтай жиналысында большевик емес Ресей демократиялық партияларының өкілдері Құрылтай жиналысында көпшілік болатын. Оңшыл-эсерлер мен меньшевиктер құрылтай жиналысында 237 дауысқа ие болған болса, ал большевиктер мен солшыл-эсерлерде бар болғаны 146 ғана дауыс бар еді. Алайда, орыс демократиялық интеллигенциясы өздерінің осындай басымдығын пайдалана алмай, большевиктердің билікті басып алуына мүмкіншілік берді (Новейшая история 2016. 475-480).

Алашорда мемлекеттік құрылымының өмірге келуі – шын мәнінде Ақпан төңкерісі барысында автономияға ұмтылған қазақ интеллигенциясының ұлттық-территориялық дербестікке қол жеткізуге бағытталған нақты әрекеті еді. Өкінішке орай тарихи әдебиетте “Алашорданы большевиктермен соғысу тілегінен туындаған” деген көзқарас әлі күнге дейін орын алып келеді (Познанский В.С. 1991. 155–156).

Бұл көзқарастың негізсіздігі “Қазақ” газетінде М.Дулатов (Мадияр) жариялаған “Алаш Орда” атты мақала дәлелдеп береді. “Былыр Орынборда, – деген жолдарды оқимыз одан, – 21-26 июльде бірінші жалпы қазақ-қырғыз съезі мемлекет билеу түрін тексергенде, қазақ-қырғыз облыстары автономиялы болсын деп қаулы шығарды. Бірақ автономияны қашан жариялау жайы сөзболған жоқ. Өйткені осы кезде мемлекет құрылтайы тез болады деген жұрттың сенімі күшті еді. Автономия боламыз деген жұрттар слияісіп құрылтайдан алмақ болды” (Мадияр 1998. 443–444).

Ия, көріп отырмыз қазақ зиялылары автономияны жариялауда Қазан төңкерісінен бұрын күн тәртібіне қойды. Тарихшы М.Қойгелдиев Алашорданың құрылу “қазақ ұлтының қалыптасу процесінің аяқталуына жету үшін қажет негізгі алғышарт” ретінде бағалайды [4]. Біз де осы дәлелді пікірді қолдаймыз. Большевиктерге Алашорда емес, керісінше большевиктер Алашордаға кедергі жасады. Мысалы, жоғарыдағы мақаласында М.Дулатов былай деп жазды: “... Декабрь съезінде автономия ресми жарияланғанша уақытша қазақ-киргиз істерін билеуге Алаш Орда сайланды. Алаш Орданың уақытша тұратын орны Семей болды. Бірақ большевик кесірілел Алаш Орда іске кірісе алмады” (Мадияр 1998. 443–444). 1917 жылғы Қазан төңкерісі қазақ даласына үлкен ықпал жасады. Біздің ойымызша, “Октябрь қазақ ауылын айналып өтті”, “ауыл Октябрды көрген жоқ” деген пікір қате және нақты емес (Голощекин Ф.И. 1931 50-65).

Алайда Қазан төңкерісі қазақ ауылына қасірет болып көрінді. Жоғарыда аталған мақаласында А.Байтұрсынов былай деп жазған еді: “...Наводи-ла же на киргизов ужас Октябрьская революция своими внешними проявлениями. Как происходило большевистское движение в центральных частях России, – киргизам было неизвестно. На окраинах же оно сопровождалось повсюду насилиями, грабежом, злоупотреблениями и своеобразной диктаторской властью. Говоря короче, движения на окраинах часто представляло собою не революцию (как обычно она понимается) а полнейшую анархию...” (Байтұрсунов А. 1919, 3). Ғалым Қ.Атабаевтың Ахмет Байтұрсынұлы шығарған «Қазақ» газетін: «Қазақ» тек аласұрған заманның, аласапыран оқиғалардың сырттан қараған бақылаушысы ғана болып қойған жоқ. Ол сол буырқанған оқиғалардың бел ортасында жүрді. Қайнаған құбылыстар барысын суретке түсіргендей өз беттерінде бейнеледі. Олар туралы мәліметтерді тасқа басып, өз беттерінде қаттады. Сөйтіп «Қазақ» қазақ өмірінің аса бір күрделі кезеңінің шежіресіне, баға жетпес дерек көзіне айналды» (Атабаев Қ. 2000 16-25) деп бағалайды.

Міне, Қазақстанда Қазан төңкерісінің жеңуі туралы ащы шындық осындай! Ал бұл тура-

лы кеңестік тарихнама ұзақ жылдар үндемей келгені белгілі. Оның үстіне тарихи шындықтың көпе-көрнеу бұрмаланғанын қайда қоямыз.

Бүгінде Қазақстан тарихнамасында өрісін алған осындай ағаттықтарды 20-30 жылдардағы ұлт зиялыларының өздерінің көзқарастары негізінде нақты, талдау және ақиқатқа қол жеткізу басты міндеттердің бірі деп ойлаймыз. Қорытып айтар болсақ, жоғарыда айтылғандардан төмендегідей тұжырымдар туындайды:

- Қазақ ұлттық интеллигенциясының өкілдері қазақ халқының 1917 жылғы революциялық дүмпулерге ешбір даярлықсыз, күтпеген жерден тап болғандарын өздерінің еңбектерінде ашып айтты,

- Солай бола тұрса да олар 1917 жылғы ақпан төңкерісін халықтың түсіністікпен қабылдағанын атап көрсетті;

- Ал 1917 жылғы Қазан төңкерісін ұлттық интеллигенция саяси қасірет ретінде қабылдады;

- Ұлттық интеллигенция 1917 жылғы ақпан төңкерісі берген мүмкіндіктерді толық пайдалана алмады. Бұған объективті және субъективті себептер кедергі келтірді.

Қалыптасқан ауыр ахуалға қарамастан қазақ интеллигенциясы өкілдері 1917 жылғы Қазан төңкерісіне байланысты жергілікті жерлердегі большевиктердің озбырлықтарын әшкерелей алды. Ал мұның бүгінгі қайта жазылып жатқан тәуелсіз тарихымыздың қалыптасуы үшін зор маңызы бар.

Сондықтанда, Өркениет көшінен қалмауға тырысқан Алаш арыстарының бұл әрекеттері саяси сауаттылықтың жоғары болғандығын тағы бір дәлелдей түседі. Алаш қозғалысы, Алаш мұрасы, тәуелсіздік идеясы мен егемендік ұғымдары сабақтас, өзара егіз ұғымдар. Бабаларымыз аңсаған арман – бүгінгі күннің шындығы. Қазақтың өзгелермен терезесі тең мемлекет болуын көкसेген Алаш қайраткерлерінің өмірі мен қызметін бүгінгі ұрпақ бағалап, ұлт жолындағы қызметін өмірлік маңызды бағыты етіп түйсіне алуы қажет. Осы бағыттағы жұмыстар белсенді жалғасып, тарихи санамыз ұлтжандылық пен Отансүйгіш арыстарымыздың өнегесіне негізделсе, тәуелсіз еліміздің асулары алда.

Әдебиеттер

- Зевелев А.И. (1966). Историография Советского Туркестана. Ташкент. 1966. 102 – 165 с.
Нұрпейісов К. (1995). Алаш һәм Алашорда. Алматы. Ататек. 256 б.
Қойгелдиев М. (1995). Алаш қозғалысы. Алматы. Санат.

- Аманжолова Д.А. (1994). Казахский автономизм и Россия. История движения Алаш. (Серия “Первая монография” под редакцией Г. А. Бордогова). Москва: ИЦ “Россия молодая”. 216 с.
- Мұхатова О. (1998). Қазақстандағы ХХ ғасырдың алғашқы онжылдықтарындағы аграрлық реформалар тарихнамасы (1900-1929 жылдар). Алматы.
- Бисенбаев А.К., Кенжебаев Н.Т. (1994). Казахи в 1917 году (К вопросу об оценке событий). В кн. Казахстан в начале ХХ века: методология, историография, источниковедение. Алматы.
- Байтурсунов А. (1919). Революция и киргизы. В кн. «Жизнь национальностей». Москва.
- Қойгелдиев М.К. (2000). Өтпелі және мәңгі құндылықтар жөнінде // ҚазМУ хабаршысы. Тарих сериясы. №1. 26 б.
- Сахаров А.Н., Боханов А.Н., Шестаков В.А. (2016). Новейшая история России: учебник. Под ред. А.Н. Сахарова. Москва: Проспект. 480 с.
- Познанский В.С. (1991). Из истории привлечения национальной интеллигенции к советскому строительству. В кн. История Казахстана: белые пятна: Сб. Ст. Алма-Ата: Казахстан. 156 б.
- Голощекин Ф.И. (1931). Казахстан на путях социалистического переустройства. Москва.
- Атабаев К. (2000). Қазақ баспасөзі – Қазақстан тарихының дерек көзі (1870-1918). Алматы: Қазақ университеті.

References

- Zevelev A.I. (1966). Istoriografia Sovetskogo Turkestana. [Historiography of Soviet Turkestan]. Tashkent.
- Nurpeisov K. (1955). Alash ham Alashorda. [Alash and Alashorda]. Almaty: Atatek. 256 P;
- Koigeldiev M. (1995). Alash kozgalysy. [Alash movement]. Almaty: Sanat.
- Amanzholova D. (1994). Kazahskii avtonomizm I Rossia. [Kazakh autonomism and Russia]. Moskva.
- Mukhatova O. (1998). Kazakstandagy XX gasyrdyn algashky onzhyldyktaryndagy agrarlyk reformalar tarihmanasy. [Historiography of agrarian reforms in Kazakhstan in the first decades of the twentieth century (1900-1929)]. Almaty.
- Bisenbayev A.K., Kenzhebaev N.T. (1994). Kazahi v 1917 godu. [Kazakhs in 1917]. Almaty.
- Baitursunov A. (1919). Revolyutsia I kirgizy. [Revolution and Kirgizes]. – In libro. “Vita Gentis”. August 3.
- Koigeldiev M.K. (2000). Otpeli jane mangi kundulyktar joninde. [About temporal and eternal values]. In transeuntem et aeterna bona // Acta de KazGU. Series historiae. No. 1. 26 P.
- Sakharov A.N., Bokhanov A.N. (2016). Noveyshaya istoria Rossii. [New History of Russia]: artem /, V.A. Shestakov; edited by A.N. Sakharov. Moscow: Spe. 480 P.
- Pozansky V.S. (1991). Iz istorii privlecheniya natsionalnoy intelligentsia k sovetskomu stroitelstvu. [From the history of the involvement of the national intelligentsia in the Soviet construction]. Alma-Ata: Kazakhstan. 156 P.
- Goloshchekin F.I. (1931). Kazahstan na putyah sociolisticheskogo pereustroystva. [Kazakhstan on the path of socialist reconstruction]. Moskva.
- Atabaev K. (2000). Kazak baspasozy – kazak tarihyryn derek kozi. [The Kazakh press is a source of history of Kazakhstan (1870-1918)]. Almaty: Kazakh Universitatis.